



ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

**Атырау облысының
карантиндік шектеу шараларын
кезең-кезеңімен жөнделету туралы**

Атырау облысының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107-баптарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-293/2020 «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидалары мен пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішіндегі карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, тұрғындар арасында коронавирустық инфекцияның тіркелуін ескере отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Атырау облысының тұрғындарына:

1) респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері пайда болған кезде (құрғақ жөтел, қызба, тыныс алудың қындауы, ентігу және т.б.) медициналық үйымдарға бармай, жедел медициналық көмектің 103 номеріне қонырау шалу арқылы үйден медициналық көмекке жүргіну;

2) қоғамдық тамақтану орындарында тамақтану кезінде әлеуметтік арақашықтықты сақтай отырып және 5 (бес) жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, қоғамдық орындарда, тұрғындардың баруына және демалуына, қызмет көрсетуге арналған орындарда, қоғамдық көліктерде медициналық немесе мата бетперделерді кию міндетті;

3) 65 жастан асқан адамдарға азық-түлік, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды, қажетті тауарларды сатып алуды, сондай-ақ медициналық мекемелерге баруды қоспағанда аса қажеттілік болмаса тұрғылықты жерінен шықпауға ұсыныс беріледі;

4) барлық облыс тұрғындарына халық көп шоғырланатын жерлерге бармауға, әлеуметтік арақашықтықты сақтауға, бетперде киу тәртібін және жеке бас гигиенасын сақтауға ұсыныс беріледі;

5) облыс халқының алаңдарда, скверлерде, жағалауларда, саябақтарда және өзге де демалыс орындарында бір отбасы мүшелерін қоспағанда, 3 адамнан астам топ болып адамдардың жиналудына тыйым салынсын;

6) ойын-сауық, салтанатты, еске алу, отбасылық іс-шаралар (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар), оның ішінде үйде өткізілетін іс-шараларға және «Ashyq» жобасына қатысушыларды есептегеменде, адамдар көп жиналатын іс-шараларға тыйым салынсын;

7) барлық шетелден келген азаматтарда вакцинациялау статусына қарамастан, анықтама берілген күнінен бастап, 72 сағаттан ерте емес ПТР тестілеудің теріс нәтижесі болуы міндettі.

2. Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын барлық компаниялар мен өнеркәсіптік кәсіпорындар қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшету туралы» 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №38 қаулысының талаптарына сәйкес шектеу және карантиндік шараларын қатаң түрде жүзеге асыруды:

- шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорын қызметкерлерінің шығуына (кіруіне) қойылатын талаптарды сақтау.

2) Жыл сайын ауданының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 25 қаңтардағы №9 қаулысына сәйкес Теніз кен орнында карантиндік және шектеу шаралары Тенізде вахталық әдіспен жұмыс жасайтын жұмысшылардың шығуына (кіруіне) қойылатын талаптарды сақтаумен эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін ұзартылсын.

3. Атырау қаласы және аудандар әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша), компаниялар, меншік нысанына қарамастан занды тұлғалар қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы №7 қаулысының 1 және 2-тармақтарына сәйкес объектілерде «Ashyq» жобасын енгізу;

2) «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын-алу жөніндегі шараларды одан әрі күшету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №38 қаулысының 1-тармағы 1-тармақшасына (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19 ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) сәйкес көрсетілген ұйымдардың вакцинацияланбаған қызметкерлері үшін міндettі түрде ПТР-тестілеу (7 күнде 1 рет) болуын;

3) отырғызу орындарының саны бойынша салондарды толтыра отырып, қолданыстағы маршруттар бойынша қоғамдық көлік санын көбейту;

4) қоғамдық және такси көліктерінде, әуежайларда, балалардың ойын аландарында, азық-түлік, азық-түлік емес базарларда, басқа да қоғамдық орындарда санитариялық және дезинфекциялық өндеу жұмыстарын жүргізуі.

4. Барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының басшылары:

4.1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында коронавирустық инфекцияның алдын-алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 тамыздағы № 36 қаулысының «Білім

беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптары» санитариялық қағидалары талаптарын қатаң сақтау;

4.2. оқытуудың төменде көрсетілген форматы:

- мектепке дейінгі білім беру үйымдары (ата-аналардың өтініштері бойынша) штаттық режимде;

- орта білім беру үйымдары 600 оқушыға дейінгі мектептерді қоса алғанда, бастауыш 1-4 сыныптар (халықаралық мектептердегі 1-6 сыныптар) штаттық режимде;

– 600-ден астам оқушылары бар мектептер жобалық қуатының 50% - нан аспайтын жүктемемен;

- колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері үшін аралас форматта оқыту - барлық дәрістер онлайн, практикалық, зертханалық, семинарлық сабактар, өндірістік практикалар икемді кесте бойынша штаттық режимде;

- қосымша білім беру үйымдары, білім беру орталықтары штаттық режимде;

5. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілерге келушілерде «бейтарап» («көк») немесе «қауіпсіз» («жасыл») мәртебе болған жағдайда рұқсат етіледі.

6. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілер қызметкерлері мен келушілерінде қауіпсіз («жасыл») мәртебе болған жағдайда (вакцинация немесе ревакцинация, сывамалар алынған кезден бастап 7 тәуліктен аспаған ПТР тесттің теріс нәтижесі бар, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылған адамдар).

7. «Ashyq» жобасына қатыспайтын объектілердің қызметіне Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 42 «Карантиндік және шектеу шаралары мен оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» қаулысында көзделген «қызыл» аймаққа арналған өлшемшарттарға сәйкес рұқсат етіледі.

8. Карантиндік және шектеу шараларының сақталуын бақылау жөніндегі мониторингтік топтардың жұмысын жандандыру.

9. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы қамтамасыз етсін:

- облыс тұрғындары арасында вакцинация және ревакцинация жүргізуі;

- медицина қызметкерлері және 60 жастан асқан адамдарды «Комирнати» (Пфайзер) вакцинасымен ревакцинациялауды;

- «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустың инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі қүшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №38 қаулысы талаптарының орындалуын;

- облыс бойынша Үйлестіру орталықтарының жұмысын жандандыру, карантиндік шаралардың бұзылуы туралы шүғыл хабарламалардың уақтылы ұсынылуын.

10. Атырау облысының Полиция департаментіне:

- шектеу шараларын сақтау мақсатында патрульдер үйымдастырын, егер жоғарыда көрсетілген талаптардың бұзылуы немесе орындалмауы анықталса,

аумақтық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларына дереу материалдар жіберу.

11. Атырау облысының Ішкі саясат басқармасына:

- облыс тұрғындары арасында жүктіру ошактарын оқшаулау және оның таралу қаупін азайту бойынша қабылданатын шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық жариялаулар жүргізуді қамтамасыз етсін.

12. Атырау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 14 қантардағы №1 «Атырау облысының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын-алу жөніндегі карантиндік шараларды күшету туралы» қаулысының күші жойылды деп танылсын.

13. Осы қаулының орындалуын бақылауды Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары А.А.Бекешеваға жүктеймін.

12. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап заңды күшіне енеді.

**Атырау облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



М.Танауов

Атырау облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2022 жылғы 31 қаңтардағы
№2 қауалысына
1-көсимиа

«Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеу өлшемшарттары

P/c	Объектілер / салалар	Қызыл аймақ
1	2	5
1	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	+
2	Облысаралық және облысілік тұрақты тасымалдар	+
3	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	+
4	Қонақ уйлер мен отельдер	+
5	Аэропорттар	+
6	Теміржол, автомобиль және су вокзалдары, өзен және теңіз порттары, автостанциялар, автоөтпіе жолдар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері	+
7	«Хоргос» шекарамаңы орталығы ынтымақтастыры халықаралық	+
8	ХҚҚО	+
9	Банкілер, «Казпошта» АҚ-ы бөлімшелері	+
10	Сұлулық салондары мен орталықтары, шаштараздар, маникюр мен педикюр, косметикалық және косметологиялық қызмет көрсету салондары (алдын ала жазылу бойынша)	+
11	СПА-орталықтары	+
12	Моншалар мен сауналар	+
13	Сауда алаңы 1000 ш.м. дейін қоса алғанда сауда алаңы бар сауда желілері (азық-түлік тауарлары емес)	+
14	Базарлар (жабық санатындағы)	+
15	Мектепке дейінгі білім беру үйымдары (ата-аналардың өтініштері бойынша)	+
16	Қосымша білім беру үйымдары, білім беру орталықтары	+
17	Білім беру үйымдарының білім алушыларына арналған жатакханалар (педагогтер, персонал, ата-аналар (занды өкілдер), 18 және одан жоғары жастағы білім алушыларға келушілер үшін)	+
18	Балалар үшін сауықтыру үйымдары	✓ толымдылығы 60%-дан аспаған кезде
19	Океанариумдар	✓ толымдылығы 60%-дан аспаған кезде
20	Театрлар, кинотеатрлар, концертные залдары, филармониялар	✓ толымдылығы 60%-дан аспаған кезде
21	Бильярд нысандары	✓ толымдылығы 60%-дан аспаған кезде
22	Компьютер клубтары, PlayStation клубын қоса алғанда	✓ толымдылығы 60%-дан аспаған кезде
23	Боулингтер	✓ толымдылығы 60%-дан

P/с	Объектілер / салалар	Кызыл аймақ
1	2	5
24	Цирк нысандары	аспаған кезде толымдылығы 60%-дан аспаған кезде
25	Лотерея клубтары мен лотереяны сату, өткізу нүктелері	✓ бір адамға кемінде 4 ш.м. алаң
26	Букмекерлік кенселер	✓ бір адамға кемінде 4 ш.м. алаң
27	Балаларға арналған ойын орталықтары (жабық)	✓ бір адамға кемінде 10 шаршы метр, бірақ 60% - га дейін толтырылған кезде
28	ЖОО-дары, колледждер	✓ практикалық, зертханалық, семинарлық сабактар, икемді кесте бойынша штаттық режимдегі өндірістік практика, онлайн дәрістер
29	Орта білім беру үйымдары: Бастауыш 1-4 сыныптар (халықаралық мектептердегі 1-6 сыныптар) 600 окушыға дейін қоса алғанда 600-ден астам окушы	+ + ✓ мектептердің жобалық қуатының 50% аспайтын жүктемемен
30	Алкогольдік ішімдіктерді сатпайтын асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтандыру объектілері (үй-жайда)	+
31	Мейрамхана, кафе және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтандыру объектілері (үй-жайда), банкет залдары (мейрамханалар мен дәмханалар типі бойынша қызмет көрсету)	✓ 60% - га дейін толтырылған кезде

"+" - қызметке рұқсат етілген;

"✓" - қызметке ішінара рұқсат етіледі (шектеулермен);

* - келушілердің бейтарап («көк») немесе қауіпсіз («жасыл») мәртебесі болған кезде объектілерге кіру;

** - тұрғын үй гимараттарының үй-жайларында және тұрғын үй құрылышы аумақтарында шу котерілетін объектілердің қызметі сағат 22-ден таңғы 9-га дейін, ойын-сауық мекемелерінде-жұмыс күндері сағат 22-ден таңғы 9-га дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы 10-га дейін шектеледі («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 113-бабының 7 және 8-тар мақтарына сәйкес).

*Атырау облысының
 Бас мемлекеттік
 санитариялық дәрігерінің
 2022 жылғы 31 қаңтардағы
 №-2 қауалысына
 2-қосымша*

**Қауіпсіз «жасыл» мэртебе бар болған кезде «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-
экономикалық объектілер қызметінің өлшемшарттары**

P/c	Объектілер / салалар	Қызыл аймак
1	2	3
1.	Салтанатты, еске алу, отбасылық іс-шаралар (банкеттер, еске алу) өткізу	
2.	Адамдар көп жиналатын конференциялар, форумдар, ойын-сауық және өзге де іс-шаралар	
3.	Көрмелер	
4.	Марафондар (ашық ауа жағдайында)	
5.	Жанкүйерлермен өткізілетін спорттық іс-шаралар	
6.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары (жаттыгуларды қоса алғанда), фитнес, йога орталықтары	
7.	Діни объектілерінде (жабық үй-жайларда ұжымдық құлышылық етулер)	
8.	Ойын клубтары (казино)	
9.	Түнгі клубтар	
10.	Караоке	
11.	Сауда, ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда аланы 1000 шаршы метрден асатын сауда желілері (азық-түлік тауарлары емес).	
12.	Сауда аландары 6000 шаршы метрден асатын сауда желілері (азық-түлік)	
13.	Бассейндер	

Шектеусіз

* - тұрғын үй гимараттарының үй-жайларында және тұрғын үй құрылышы аумақтарында шу көтерілетін объектілердің қызметі сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, ойын-сауық мекемелерінде-жұмыс күндері сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы 10-ға дейін шектеледі («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 113-бабының 7 және 8-тар мақтарына сәйкес).